

**«№281 негізгі мектебі» КММ бойынша 2023-2024 оқу жылындағы сабақтан тыс уақыттағы
үйірмелерге қамтылған білім алушылардың жетістіктері туралы анықтама**

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында. «Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаз қолында» деп ел ертеңі де, болашағы да осы ұстаз еңбегімен бағаланбақ. Мұғалімнен өнеге білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез – келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Өзінің ісімен, өзінің сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын білімді ұрпақтың тәлімгері – ұстаз. Дүниедегі мамандық атаулының төресі ұстаздық. Өскелең ұрпақты биік мақсаттарға жетелеу, өз бойында бүкіл адамзаттық құндылықтарды жинақтаған, өз өміріне өзі басшылық жасап, өзін-өзі дамытатын тұлғаны тәрбиелеу – бүгінгі білім беру ұйымдарының алдына қойған міндеттерінің бірі. Осы міндетті іске асыру тетігі ұстаздарға байланысты.

Оқыту мен тәрбиелеу барысында шәкірттерінің кішкене болса да жетістіктеріне қуана білу баланы өсірудің, алға қарай жетелеудің тамаша бір жолы.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында біздің мектеп ұжымы үлкен жетістіктерге жете білді. Мұғалімдеріміз өз шәкірттерін сайттар арқылы түрлі сайыстарға қатыстырып, дипломдар мен сертификаттарға ие болды және де аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстарға қатыстырып, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Атап айтатын болсам:

«Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңі бойынша 2-сынып оқушысы Көпберген Еркеназ II орынмен марапатталды. Жетекшісі Жақаева Гүлназ Әбдіханықызы.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми зерттеу жобалар конкурсының аудандық кезеңінің қорытындысымен 8-сынып оқушысы Нысанжанова Ақбота I орын, 6-сынып оқушысы Қалжан Назым III орынмен марапатталды. Жетекшісі Еламанова Гүлмарал Айдарқызы.

«Кенгуру математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын конкурсының жеңімпазы Дауылбай Таңшолпан, Абдулла Кәусар, Тілек Нұрбакыт, Тілек Диас, Тілек Самат II, III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Танибергенов Аманкос. «Абай әлемі» Республикалық өнер байқауында «Қолөнер» номинациясы бойынша Ертай Арсен, Бисенбаев Мадияр, Абдулла Кәусар I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Нұрмашов Азамат. Мектеп оқушылары арасында күзгі спартакиада бағдарламасы бойынша (ұл балалар) арасында футболдан өткізілген аймақтық іріктеу жарысында үздік нәтиже көрсеткені үшін «№281 негізгі мектебі» КММ командасы II орынмен, Токберген Мерей үздік қақпашы дипломмен марапатталды. Жетекшісі Ермаханов Нұртуған Дауылбайұлы.

Осы орайда өзім қызмет жасайтын мектеп ұжымдағы өз ісіне берілген жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін барша әріптестеріме, яғни ұстаздар қауымына шығармашылық шабыт пен толағай табыстар тілеймін.



Мектеп директоры: А.Жолмырзаева